

МӨРТЕБЕ

Оқу үрдісін үш тілде жүргізу –
заман талабы

Қ.С. БАЙБОЛОВ,
оқу ісі және ақпараттық технологиялар жөніндегі проректор
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

IX-XII ғасырларда түркі ой әлеміндегі белгілі ойшыл, «Құтты білік» еңбегінің авторы Жүсіп Баласағұнның «Елдіктің өзегі – білік, кілті – тіл, қадір-қасиеті – кісілік» деген даналығы бар.

Дүние жүзінде алдыңғы қатардың баспадағына шығу үшін халықаралық қатынас тілдерін меңгеру бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында әрбір қазақстандықтың үш тілді тең меңгеру маңыздылығын айтты. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі делінген. Қазақстанның болашағы үшін жаңа технология мен ғылымның тілі болып есептелетін халықаралық тілдерді меңгеру – коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейте түседі.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруды Елбасының өзі жыл сайынғы жолдауының негізгі өзегіне айналдырды. Қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың қолдану аясы бірден жапа-тармағай қазақ тіліне көшіп кетпесе де, уақыт өте келе ана тілге мойын бұру назарға ілікті. Баршамызға мәлім, Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке келесі жылға қарай қазақ тілін мардымды меңгергендердің үлесі 20 пайызға жетуін қадап айтты. «Көш жүре түзеледі» деген есеппен 2017 жылы бұл көрсеткіш 80 пайызға өсуі шарт. Ал бағдарламаның бітер шағы 2020 жылы еліміздегі қазақстандықтардың 95 пайызы ана тілінде жоғары дәрежеде меңгеруі үшін жұмыс жасауды тапсырды. Үш-төрт жыл бұрын бастау алған бағдарлама өз жемісін алғашқы онжылдықта көңілге қонымды қорытындысымен қуантады деген сенім бар.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі – оның қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қызмет етуі және соған орай іс қағаздарының қазақша жүргізілуі. Іс қағаздарының, ресми құжаттардың тілі бір жүйеге түспей, стильдік жағынан қалыптаспай, мемлекеттік ресми құжаттардың барлығы алдымен қазақ тілінде жүргізілмей мемлекеттік тілдің қолданыс аясы, қызмет қарымы өрісін кеңейте алмайды. Іс қағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші.



Сонымен қатар, Елбасы: «Орыс тілін білу – біздің ұлтымыздың тарихи артықшылығы екендігі баршаға белгілі. Дәл осы орыс тілі арқылы қазақстандықтар бірнеше ғасыр бойы қосымша білім алып, ел ішінде де, шет жерлерде де өз дүниетанымдары мен араласатын ортасын кеңейтіп келе жатқанын жоққа шығармауға тиіспіз», – деп атап өтті. Бүгінгі күні Ұлт Көшбасшысының идеялары мен бастамаларын жүзеге асыра отырып, мектептер мен жоғарғы оқу орындары үш тілде білім беру бағдарламаларымен жұмыс атқаруда.

Білім саласында оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқытуға, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең жоғары қажеттілік ретіндегі көптілді білім берудің маңызы айқындалды.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті де мұндай бастамалардан кеңде емес. Аталған оқу орнында Тілдерді дамыту бөлімі мемлекеттік тіл, орыс, шет тілдерін оқыту мен қосымша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру бағытында ОҚМУ қызметкерлері, ОПК, студенттер, магистранттар және докторанттар үшін тіл курстарын ұйымдастырып келеді.

Тілдерді дамыту бөлімінің негізгі мақсаты мен бағыты – мемлекеттік тілді мемлекеттік басқару тілі ретінде пайдалануды қамтамасыз ету, білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасымен бірлесіп отырып, ішкі және сыртқы құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуі барысын қадағалау, студенттердің еңбек нарығындағы

ұтқырлығы мен бейімділігін дамыту, олардың лингвистикалық капиталын байыту арқылы заманауи қоғамға бағыттау болып табылады.

Бөлім «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыра отырып, әрбір жеке тұлғаның тіл үйренуде, өз кәсіби саласында қолдануда, шығармашылық жолында, студенттерді оқытуда, ауызекі сөйлеу арқылы тілдік қарым-қатынас жасауда, оқу, жазу, түсіну, тыңдау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда тіл үйренушілердің қажетті лингвистикалық сұраныстарын қанағаттандырады. Сонымен қатар, университетте 21 мамандық бойынша ағылшын тілдерін оқытылып отыр. Олар: математика, информатика, биология, халықаралық қатынастар, экономика, химия, экология, биотехнология, информациялық жүйелер және т.б. мамандықтар.

Пәндерді ағылшын тілінде жүргізетін оқытушылар Тілдерді дамыту бөлімі арқылы ағылшын тілі курстарын оқып, тиісті деңгейде сертификатталып отырады.

Бүгінгі таңда университетте алыс және жақын шетелдің 17 елінің (Германия, Ұлыбритания, Бельгия, Франция, Үндістан, Испания, Венгрия, Жапония, Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия, Польша, Ресей, Украина, Белорусия, Әзербайжан, Қырғызстан) 80 жоғары оқу орындарымен, ұйымдарымен және де ғылыми-зерттеу институттарымен екі-жақты келісімшарттар мен меморандумдар жасалуда. Сондай-ақ, аталған бағдарлама магистранттардың Малайзия еліндегі Путра университетінде тағылымдамадан өтіп келуіне ықпал етті.

Үш тілде білім беруді ілгерілету жұмыстары бойынша арнайы жоспарлар құрылып, оқу-тәрбие жұмыстары бойынша көптеген жетістіктерге жетіп отыр. Оның ішінде тіл мамандарының үш тілді толық меңгерген жастар арасындағы қалалық байқаулардан бас жүлдеге ие болуы, білім беру саласында облыстық олимпиадалардан үздік номинация алуы, бөлім жетекшісі мен қызметкерлерінің халықаралық конференцияларды үш тілде ұйымдастыруы, ЭКСПО-2017 халықаралық көрмеге арналған конференция материалдарының аударылуы және т.б. Университетте өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді оқыту едістері мен технологиялары бойынша семинар, тренингтер, конкурстар ұйымдастырылып, көптеген марапаттауларға ие болып отыр. Ағылшын тілі оқытушылары Audio Lingual Method, Efficiency of innovative technologies in teaching English тақырыбы бойынша баяндамалар жасап, жинақ шығарды. Жоғарғы оқу орны оқытушылары мен менеджерлері үшін қысқаша қазақша-орысша-ағылшынша тілдескіш, Аккредитация бойынша терминдер сөздігі (қазақша-орысша-ағылшынша), түрлі салаға байланысты ағылшын тілінде оқу құралдары жарық көрді. Университет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы тарапынан ұйымдастырылған ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша сертификат иегерлері, халықаралық тілдік білімді бағалаудың IELTS жүйелерінің сертификат иегерлері және де ағылшын тілі бойынша Академиялық ұтқырлық бағдарламасы, Аккредитация бағыты мен «Болашақ» бағдарламасына қатысушы үміткерлерді, сонымен қатар қытай тілі бойынша HSK жүйесі бойынша дайындайды. Оқытушылар бірнеше дүркін республикалық, облыстық, қалалық байқаулардың Гран-при, I орын иегерлері мен жеңімпаздары.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады», – деп айтылған. Біз Елбасының саясатын қолдай отырып, Мәңгілік ел боламыз деп сенеміз. Мәңгілік елді толағай табыстармен, жаңа бастамалармен қалыптастырамыз. Осы мақсатта бүгінгінің келешектің жас ұрпағын білімді, сауатты болуын қамтамасыз етеміз. Себебі, еліміздің қуаты да табысты болуы, сындарлы саясаттан таймауы – жас ұрпақтың мойнында.

”

Баршамызға мәлім, Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев Үкіметке келесі жылға қарай қазақ тілін мардымды меңгергендердің үлесі 20 пайызға жетуін қадап айтты. «Көш жүре түзеледі» деген есеппен 2017 жылы бұл көрсеткіш 80 пайызға өсуі шарт. Ал бағдарламаның бітер шағы 2020 жылы еліміздегі қазақстандықтардың 95 пайызы ана тілінде жоғары дәрежеде меңгеруі үшін жұмыс жасауды тапсырды